

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігін республика халқын құжаттаумен қамтамасыз ету үшін қажетті құрал-жабдықтар мен материалдарға кеден баж салықтарын төлеуден босату туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 22 маусым N 867. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.10.30. N 1114 қаулысымен. ~P98114

Республика халқын құжаттаумен қамтамасыз ету үшін қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар беру шартын төлеу және валюта сатып алуға қаржы бюджеттен бөлінетінін ескеріп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Кеден тарифі кеңесінің 1995 жылғы 31 мамырдағы N 3 Қазақстан Республикасы азаматтары үшін төлқұжаттар және жеке басы куәліктері бланкілерін әзірлеуге "Гизеке және Девриент" неміс фирмасынан түсетін құрал-жабдықтар және материалдарға кеден баж салықтарын төлеуден Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігін босату туралы шешіміне келісім берілсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің  
бірінші орынбасары